

## **Шет елдерге қызметтік іссапарларға шығу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің ӨКІМІ 1995 жылғы 25 тамыз N 311

1. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары басшыларының, облыстар мен Алматы қаласы жергілікті басқару органдары әкімдерінің мемлекеттік ұйымдардың, мекемелердің, кәсіпорындар мен банктердің қызметшілерінің ынтымақтастықтың мәселелерін шешу үшін екіжақты келісімдерде қарастырылған жағдайлардан басқа жеке адамдардың, фирмалар және компаниялардың шақыруы бойынша шет елдерге қызметтік іссапарларға шығуына тыйым салынсын.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары мемлекеттік қызметшілердің шет елдерге қызметтік іссапарларын ретке келтіру және шетелдік іссапарлардың тиімділігін арттыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын, сапардың мақсаты және келіссөздердің нәтижесі туралы болған елдегі Қазақстан Республикасының елшілігіне, елшілік жоқ болса - Сыртқы істер министрлігіне ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы қаулының орындалуына қатаң бақылауды қамтамасыз етіп, Министрлер Кабинетіне оның орындалғаны туралы кемінде жарты жылда 1 рет мәлімдеп отырсын.

**Премьер-министр**